

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМКК директоры

Абдикерова Б. Х.

«20 » 01 2023 жыл



**«Web-мастер» облыстық жобасы аясында
«Сайт құру» облыстық байқауының ережесі**

Қарағанды қаласы
2023 жыл

«Web-мастер» облыстық жобасы аясында «Сайт құру» облыстық байқауының ережесі

I. Жалпы ережелер

Байқауды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы танымдық қызығушылықты қалыптастыру, инновациялық құзыреттілікті, web-технологиялар саласындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Байқаудың негізгі міндеттері:

- Сайттар құру арқылы шығармашылық қабілеттерін, инновациялық құзыреттіліктерін дамыту;
- Қарағанды облысының білім беру үйымдарының педагогтеріне интернет желісінің мүмкіндіктері арқылы өзін-өзі көрсету қажеттілігін қалыптастыру.
- Білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үрдісінде АКТ қолданудың озық тәжірибесін жинақтау және тарату.

II. Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімдері

2.1. Байқауға Қарағанды облысының орта білім беру үйымдарының мұғалімдері қатысады.

2.2. Қазылар алқасы мүшелерінің құрамын Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы (ББД ОӘО) қарайды.

2.3. Қазылар алқасы жауап береді:

- қатысуышыларды байқауға жіберу;
- орындалған жұмыстарды бағалау;
- баллдарды хаттамаға енгізу;
- жеңімпаздарды анықтау;
- байқауды үйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. **Байқау қашықтық форматта екі кезеңде өткізіледі:** сырттай және күндізгі.

2.5. Байқауды өткізу күні:

Сырттай кезең: 2023 жылдың 22 ақпан 03 наурыз аралығы

Күндізгі кезең: 2023 жылдың 9 наурыз.

III. Конкурсқа қатысу шарттары мен тәртібі

3.1. Сырттай кезең

3.1.1. Байқаудың сырттай кезеңі күндізгі кезең қатысуышыларын анықтау мақсатында қашықтықтан өткізіледі.

3.1.2. 2023 жылдың 3 наурызынан кешіктірмей білім бөлімдері қатысуышылардың өтінімдері мен жұмыстарын (дереккөздер мен құрылған сайт мұрағатталған болуы тиіс) umc-ro@umckrg.gov.kz электрондық мекен-жайына жібереді.

3.1.3. Қазылар алқасы 2023 жылдың 7 наурызынан кешіктірмей оқу -әдістемелік орталығына сараптама нәтижелерін ұсынады, ол Қарағанды облысында білім

беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының umckrg.gov.kz сайтында жарияланатын болады.

3.1.4. Күндізгі кезеңге өткен қатысушылардың нәтижелері, сырттай кезеңің қорытындысы шығарылғаннан кейін 1 күн ішінде ББД ОӘО-ның umckrg.gov.kz сайтына жарияланады.

3.2. Күндізгі кезең

3.2.1. Байқаудың күндізгі кезеңі ZOOM платформасында қашықтықтан 2023 жылдың 9 наурызында өткізіледі. Ол үшін конкурсқа қатысушылар жұмыс орнын, атап айтқанда дербес компьютердің, интернеттің, веб-камераның, микрофонның болуын ұйымдастыруы қажет (бейнекамера қосылмаған жағдайда, конкурстың қазылар алқасы қатысушыны алып тастауға құқылы).

IV. Ұйымдастыру және өткізу шарттары

Байқауға келесі тақырыптардың біріне арналған сайт ұсынылуы керек:

- «Абайдың қара сөздері»;
- «21 ғасырдағы қазақстандық суретшілер»;
- «100 кітап».

Материалмен ББД ОӘО-ның сайтында, «Webmaster 2023» бөлімінде (Инновациялық қызмет → Байқаулар → «Webmaster 2023») танысуға болады.

- Бет өлшемдері мен енгілген графиканы оңтайландыру керек;
- Веб-сайт әртүрлі кеңейтілімде ашылуы қажет;
- Сайтта жұмыс істемейтін сілтемелер болмауы керек;
- Сайттың дизайны ерекше болуы керек.

V. Ұйымдық-техникалық талаптар

5.1. Байқауға қатысуға байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін аяқталған сайттар ғана жіберіледі.

5.2. Өзірлеу құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз етуді тандау шектелмейді. Веб-сайтпен бірге конкурсқа электронды түрде қысқаша аннотация ұсынылады (A4 форматындағы 1 параптан артық емес), онда осы сайтты құру үшін пайдаланылған бағдарламалық өнімдер көрсетілуі тиіс.

Авторлар өз ресурстарының мақсаттары мен міндеттеріне және өздеріне қойылған міндеттерге сүйене отырып, өз ойларын (құрылым және дизайн шешімі) басшылыққа алады.

Сипаттамада көрсетіледі:

- сайт өзірлеушілері қойған мақсаттар мен міндеттер;
- қойылған міндеттерді шешу жолдары мен әдістері;
- ресурстың қысқаша аннотациясы (сипаттамасы);
- авторлардың әрқайсысының орындаған жұмыстары көрсетілген тізімі;

VI. Бағалау критерийлері

6.1 Сырттай кезең нысанын бағалау:

Бастапқы іріктеуден бастап жеңімпаздарды анықтауға дейінгі сайттарды бағалаудың бүкіл үдерісі барысында қазылар алқасының мүшелері келесі критерийлерді басшылыққа алады:

- 6.1.1. Offer (0-3);

- 6.1.2. «Оқушыларға арналған» бөлімі (0-3);
 6.1.3. «Мемлекеттік бағдарлама материалдары» бөлімі (0-3);
 6.1.4. «Менің материалдарымды мемлекеттік бағдарлама бойынша жүктеу» бөлімі (0-3);
 6.1.5. «Бейне» бөлімі (0-1);
 6.1.6. «Кері байланыс қалдыру» бөлімі (0-3);
 6.1.7. HEADER (0-1);
 6.1.8. FOOTER (0-1);
 6.1.9. Тұс схемасы (0-3);
 6.1.10. Суреттер(0-2);
 6.1.11. Белгішелер (0-2);
 6.1.12. Мәтін (0-3);
 6.1.13. Иерархия (0-3);
 6.1.14. Орфография (0-2);
 6.1.15. Жіберілген материал (0-3).

6.2 Күндізгі кезең нысанын бағалау:

- 6.2.1. Сайт бойынша сұраққа жауаптың нақтылығы, маңыздылығы (0-2);
 6.2.2. Сайт бөлімдерін практикада өндіре, өзгерту (0-2);
 6.2.3. Жоба тақырыптары бойынша сайттың таныстырылымы (0-2).

VII. Байқаудың қорытындысын шығару

- 7.1. Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталады (1, 2, 3 орын).
 7.2. Қорытынды шығару қазылар алқасының хаттамасымен рәсімделеді.
 7.3. Жарыстың барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталады.
 7.4. Ұйымдастырушылар қосымша номинациялар құруға құқылы, бұл туралы жарыстың ұйымдастыру комитеті қатысушыларды хабардар етеді.
 7.5. Байқау нәтижелері Қарағанды облысында БД ОӘО сайтында жарияланатын болады.

«Web-мастер» облыстық жобасы шеңберінде «Сайт құру» облыстық конкурсына қатысуға өтінім нысаны

| № | Аудан / қала | Білім беру үйимы | Қатысушының аты-жөні | Лауазымы | Байланыс телефоны (WhatsApp) | E-mail |
|---|--------------|------------------|----------------------|----------|------------------------------|--------|
| | | | | | | |

КЕЛІСІЛДІ

Аринов Е.Р. директордың инновациялық оқыту түрлері және электрондық білім беру бойынша орынбасары.

Сартаева Ж.А. инновациялық оқыту түрлері және электрондық білім беру бөлімінің менгерушісі.

Мухамедьярова А.З. білім беру мазмұнының стратегиялық дамуы және талдау бөлімінің менгерушісі.

Суртубаева Д.А. директордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары